

## Қазақстан Республикасының құрылыс кешеніндегі құрылымдық жаңғыртулар және жекешелендіруді аяқтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 маусым N 736

Экономикалық реформаларды тереңдету, бәсекелестікті дамыту, нарықтық құрылымдарды қалыптастыру және құрылыс кешенінде жекешелендіру процесін аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп:

жалпықұрылыс және өнеркәсіптік-құрылыс ұйымдарын жекелеген бейімдік және аумақтық бөлімшелерімен оларды ұстау құрылысты іс жүзінде қымбаттауына әкелетін қондырма құрылымдардан босата отырып жекешелендіруді аяқтасын;

аяқталған технологиялық желілерді сақтауды ескере отырып мамандандырылған құрылыс кәсіпорындарын бірыңғай кешенмен жекешелендіруді жүзеге асырсын;

жобалау және іздестіру ұйымдарын олардың өндірістік және қызметтік үйлерін белгіленген нормаларға сәйкес өздерінде қалдыра отырып жекешелендірсін, қалған алаңдар қолданылып жүрген заңға сәйкес сатуға жатқызылады.

2. "Құрылысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге шартты баға

жүйесіне көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 28 ақпандағы N 2/54 қаулысы назарға алынсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 13 маусымдағы  
N 736 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші

жойылған кейбір шешімдерінің  
Тізбесі

1. "Құрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24-тамыздағы N 726 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 370-бап);
2. "Құрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 қыркүйектегі N 943 қаулысы;
3. "Мемлекеттік қатысуымен "Алматықұрылыс" холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қазандағы N 983 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 41, 474-бап);
4. "Мемлекет қатысатын "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 18 қарашадағы N 1155 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 44, 535-бап).